



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

2024 жылға Қазақстан Республикасында көрсетілген қызметтердің көлемі туралы

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Кіріспе - өзектілік
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі - Бюро)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы басқармасы

S.1.3 Байланыс адамының аты

Тортаева Айгерим Кенжетаевна

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше департаменті директорының аты

Мисюра Марина Владимировна

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел 8 даңғылы, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс.

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

a.tortayeva@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7 7172 74-93-26

S.2 Кіріспе - өзектілік

Қызмет көрсету статистикасын қалыптастырудың негізі қызмет көрсету кәсіпорындары мен дара кәсіпкерлердің статистикалық есептері болып табылады, олардың бірі «Көрсетілген қызметтердің көлемі туралы есеп» (2-қызмет көрсету, кезеңділігі жылдық) нысаны болып табылады. Негізгі пайдаланушылар мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, басқа да ведомстволар, жеке және заңды тұлғалар болып табылады.

Бюрода әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттердің, мүдделі мемлекеттік органдар, сондай-ақ «Атамекен» ҰКП өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтардың) отырыстары өткізіледі, онда жалпымемлекеттік статистикалық нысандардың көрсеткіштері олардың өзектілігіне және ведомстволық статистикалық нысандар мен әкімшілік деректер нысандарының көрсеткіштерімен қосарлануды болдырмауға егжей-тегжейлі талданады.

Респонденттермен және ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушылармен кері байланыс Бюроның 1446 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүзеге асырылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

28.10.2024

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

28.10.2024

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

28.10.2024

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Коммерциялық қызметтер статистикасы – коммерциялық қызметтер нарығының даму заңдылықтары мен тенденцияларын, оның инфрақұрылымы мен аймақтық ерекшеліктерін көрсететін статистика саласы.

Осы статистикалық нысанды Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) төменде санамаланған кодтарына сәйкес қызмет көрсету саласындағы негізгі қызмет түрі бар респонденттер ұсынады:

- 1) 58 – баспа қызметі;
- 2) 59 – кино, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар, дыбыс жазбалар және музыкалық шығармаларды шығару саласындағы қызмет;
- 3) 60 – бағдарлама және теле-радио хабарлама жасау жөніндегі қызмет;
- 4) 62 – компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа ілеспе көрсетілетін қызметтер;
- 5) 63 – ақпараттық қызмет көрсету саласындағы қызмет;
- 6) 64.20.0 – холдингтік компаниялар қызметі;
- 7) 68 – жылжымайтын мүлікпен операциялар;
- 8) 69 – құқық және бухгалтерлік есеп саласындағы қызмет;
- 9) 70 – бас компаниялар қызметі; басқару мәселелері бойынша консультация беру;
- 10) 71 – сәулет, инженерлік ізденістер, техникалық сынақтар мен талдау саласындағы қызмет;
- 11) 72 – ғылыми зерттеулер және әзірлемелер;
- 12) 73 – жарнама қызметі және нарық конъюнктурасын зерттеу;
- 13) 74 – өзге де кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет;
- 14) 75 – ветеринарлық қызмет;
- 15) 77 – жалдау, прокат, лизинг;
- 16) 78 – жұмысқа орналастыру саласындағы қызмет;
- 17) 80 – қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тергеу жүргізу бойынша

қызмет;

18) 81 – ғимараттарға қызмет көрсету және аумақтарды абаттандыру бойынша қызмет;

19) 82 – коммерциялық қызметті қолдауға бағытталған офистік әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет;

20) 90 – шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласындағы қызмет;

21) 91 – кітапханалардың, архивтердің, музейлердің және өзге де мәдениет саласындағы қызметтер;

22) 92 – құмар ойындар және бәс тигуді ұйымдастыру бойынша қызмет;

23) 93 – спорт, демалыс және ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет;

24) 95 – компьютерлерді, жеке пайдаланатын заттар мен тұрмыстық тауарларды жөндеу;

25) 96 – өзге де жеке көрсетілетін қызметтерді ұсыну.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Зерттеу жүргізу кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

1) ЭАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;

2) ЭҚЖЖ - Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;

3) МНЖ - Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші;

4) КӨЖ - Заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің, сондай-ақ қызметкерлердің саны бойынша дара кәсіпкерлік субъектілерінің мөлшерлілігі жіктеуіші;

5) ЭСЖ - Экономика секторларының жіктеуіші.

Берілген жіктеуіштер Бюроның www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында «Басты бет» / «Жіктеуіштер» бөлімінде қолжетімді.

S.4.3 Секторлық қамту

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 58-60, 62, 63, 64.20.0, 68-75, 77, 78, 80-82, 90-93, 95, 96 кодтарына сәйкес қызмет көрсету саласында негізгі қызмет түрі бар заңды тұлғалар және (немесе) қызметкерлерінің саны 100-ден жоғары олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, сондай-ақ іріктемеге түскен қызметкерлерінің саны 100 адамға дейін заңды тұлғалар және дара кәсіпкерлер ұсынады.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтамалар

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитеті төрағасының м.а. 2016 жылғы 9 ақпандағы № 32 бұйрығымен бекітілген Коммерциялық көрсетілетін қызметтер статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдістеме қызмет көрсету статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыруға негіз болып табылады.

2) Респонденттер тобы: Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 58-60, 62, 63, 64.20.0, 68-75, 77, 78, 80-82, 90-93, 95, 96 кодтарына сәйкес қызмет көрсету саласында негізгі қызмет түрі бар заңды тұлғалар және (немесе) қызметкерлерінің саны 100-ден жоғары олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, сондай-ақ іріктемеге түскен қызметкерлерінің саны 100 адамға дейін заңды тұлғалар және дара кәсіпкерлер ұсынады.

3) Құралдар: «Көрсетілген қызметтер көлемі туралы есеп» (индексі 2-қызмет көрсету, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны;

4) Байқау типі: іріктемелі;

5) Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі 30 наурызға (қоса алғанда) дейін. Осы статистикалық нысанды ұсыну электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште немесе жүзеге асырылады.

Статистикалық нысанды электронды түрде толтыру «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады, Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Респонденттер үшін» / «Респондент кабинеті» бөлімінде қолжетімді.

Нысан соңғы қайта қарау 2024 жылы болды, статистикалық нысан Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Респонденттер үшін» / «2025 жылға Статистикалық нысандар» / «Жылдық нысандар» бөлімінде қолжетімді.

S.4.5 Статистикалық объект

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 58-60, 62, 63, 64.20.0, 68-75, 77, 78, 80-82, 90-93, 95, 96 кодтарына сәйкес қызмет көрсету саласында негізгі қызмет түрі бар заңды тұлғалар және (немесе) қызметкерлерінің саны 100-ден жоғары олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, сондай-ақ іріктемеге түскен қызметкерлерінің саны 100 адамға дейін заңды тұлғалар және дара кәсіпкерлер ұсынады.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Байқау түрі: шағын кәсіпорындар – іріктемелі, орташа және ірі кәсіпорындар – жаппай, дара кәсіпкерлер – іріктемелі.

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана).

S.4.8 Қамту уақыты

Зерттеу 1998 жылдан бастап жыл сайынғы негізде жүргізіледі. 1998-2024 жылдар аралығында уақыттық қатарлар бар. Уақыттық қатарлар Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Басты бет» / «Статистика» / «Салалық статистика» / «Қызмет көрсету статистикасы» / «Динамикалық қатарлар» бөлімінде қолжетімді.

S.4.9 Базалық кезең

Зерттеу жылының алдындағы жыл базалық кезең болып есептелінеді.

S.5 Өлшем бірлігі

Мың теңге

S.6 Есепті кезең

Күнтізбелік жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

- 1.«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы;
- 2.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары;
- 3.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары;
- 4.Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілген статистикалық жұмыстар жоспары;
- 5.Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі;
- 6.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары;

7. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары;

8. Коммерциялық көрсетілетін қызметтер статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру әдістемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2016 жылғы «9» ақпандағы № 32 бұйрығымен бекітілді.

S.8 Күпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Күпиялылық саясаты:

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің күпиялылығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі;
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық күпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді;
3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығы және тең түпнұсқалығы шартында Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың күпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Күпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ұсыну ережесі.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік статистика туралы» Заңының 26-бабының 1,2-тармақтарына сәйкес, мемлекеттік статистика органдары

пайдаланушыларға сапалы ресми статистикалық ақпаратқа, соның ішінде машинамен оқылатын деректер форматында және статистикалық әдістемені мемлекеттік статистикалық органдарда оларды интернет-ресурста орналастыру арқылы бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтар береді. Статистикалық жұмыс жоспарында және Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде қарастырылған барлық статистикалық ақпарат Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында қолжетімді жерде орналастырылған.

Статистикалық жұмыс жоспары және Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында (МО ИРБП) www.gov.kz «Бюро» / «Басты бет» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде қолжетімді.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында (МО ИРБП) www.gov.kz «Бюро» / «Басты бет» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде қолжетімді.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

2010 жылғы 19 наурыздағы №257 Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік статистика туралы» Заңының 26-бабының 1,2-тармағына сәйкес, мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға сапалы ресми статистикалық ақпаратқа, соның ішінде машинамен оқылатын деректер форматында және статистикалық әдістемені мемлекеттік статистикалық органдарда оларды интернет-ресурста орналастыру арқылы бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтар береді. Статистикалық жұмыс жоспарында және Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде қарастырылған барлық статистикалық ақпарат Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында қолжетімді жерде орналастырылған.

Статистикалық жұмыс жоспары және Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында (МО ИРБП) www.gov.kz «Бюро» / «Басты бет» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде қолжетімді.

S.10 Тарату жиілігі

Жыл сайын

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламалары қалыптастырылмайды.

S.11.2 Жарияланымдар

1. «Қазақстан Республикасында көрсетілген қызметтердің көлемі туралы» электрондық кестелер Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Басты бет» / «Статистика» / «Салалқ статистика» / «Қызмет көрсету статистикасы» / «Электрондық кестелер» бөлімінде қолжетімді;
2. Динамикалық қатарлар Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Басты бет» / «Статистика» / «Салалқ статистика» / «Қызмет көрсету статистикасы» / «Динамикалық қатарлар» бөлімінде қолжетімді.

S.11.3 Онлайн режиміндегі деректер базасы

Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсы «Талдау» Ақпараттық-аналитикалық жүйесі / «Қызмет көрсету статистикасы».

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі - кеңестер

Іске асырылмаған.

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Сәйкестендірілмеген түрде деректер қорын ұсыну Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген «Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін сәйкестендірілмеген түрде деректер қорын ұсыну ережесімен» реттеледі.

Сәйкестендірілмеген түрде деректер қорын алуға өтінімді беру шарттары туралы ақпарат Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Басты бет» / «Зерттеушілер үшін» бөлімінде орналасқан. Өтінім қажетті құжаттарды қоса тіркеле отырып, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Жеке кабинет» / «Пайдаланушы кабинеті» арқылы қалыптастырылады және беріледі.

S.11.5 Өзге де

S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 9 ақпандағы № 32 бұйрығымен бекітілген «Қызмет көрсету статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме» (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылы 5 наурызда № 13408 болып тіркелді)

Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Әдіснама» / «Қызмет көрсету статистикасы» бөлімінде қолжетімді;

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы №63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Қызмет көрсету статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

- бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;
- тауарлардың, өнімдердің, қызметтердің стандартты статистикалық жіктемелерін пайдалану;
- бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматты-логикалық, арифметикалық) әзірленген және енгізілген;
- бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңмен бекітілді;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (динамикада).

S.13.2 Сапаны бағалау

Коммерциялық қызметтер статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі әдістеме халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2016 жылғы 9 ақпандағы № 32 бұйрығымен бекітілген статистикалық әдіснамаға жатады.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Қажеттіліктер

Ақпаратты пайдаланушылар: мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, басқа да ведомстволар, жеке және заңды тұлғалар. Статистикалық нәтижелер пайдаланушыларға мемлекеттік саясатты әзірлеу және бағалау, басқару шешімдерін қабылдау, жоспарлау, ғылыми зерттеулер және бизнесті талдау мен негіздеу үшін қажет.

S. 14. 2 Пайдаланушылардың қанағаттануы

Жыл сайын ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға сауалнама жүргізіледі. Пайдаланушының сауалнамасы Бюроның

www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Басты бет» / «Сауалнама» / «Пайдаланушылар сауалнамасы» бөлімінде қолжетімді.
(<https://stat.gov.kz/quiz/15128/>)

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы – үлес
Қолдануға болмайды

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түріне байланысты толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Қызмет көрсету статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік зерттеу ықтимал қателіктерді азайтуға және бақылауға мүмкіндік беретіндей етіп құрылған. Дегенмен, зерттеу ең жоғары ұқыптылықпен жүргізілсе де, статистикада кездейсоқ қателер деп аталатын дәлсіздіктер туындауы мүмкін. Мұндай қателер статистикалық байқау жүргізу барысында Облыстардың статистика департаменттері мен Ұлттық статистика бюросы арқылы анықталып, түзетіледі.

Дәлдік пен сенімділікті талдау соңғы бес жылдағы жылжымайтын мүлікке қатысты қызметтердің көлемі мен спорттық және демалысты ұйымдастыру қызметтерінің көлемі бойынша вариация коэффициентін қолдана отырып есептелген.

Вариация коэффициенті – бұл статистикада қолданылатын шама, ол кездейсоқ шаманың стандартты (орташа квадраттық) ауытқуының оның математикалық күтіміне қатынасына тең. Бұл көрсеткіш әртүрлі орташа мәні бар жиынтықтарда бір белгі вариативтілігін салыстыру үшін қолданылады.

Вариация коэффициенті келесі формула бойынша есептеледі:

$$C_v = (\sigma/k) * 100\%,$$

мұндағы

σ – кездейсоқ шаманың орташа квадраттық ауытқуы;

k – кездейсоқ шаманың күтілетін (орташа) мәні.

Статистикада бұл:

егер вариация коэффициенті 10%-дан аз болса, онда деректердің шашыраңқылығы дәрежесі маңызды емес болып саналады;


егер 10% - дан 20% - ға дейін - орташа;

20% - дан көп немесе 33% - ға тең – маңызды деп қабылданған.

Егер вариация коэффициентінің мәні 33% - дан аспаса, онда жиынтық біртекті, ал егер 33% - дан көп болса, онда біртекті емес болып саналады.


Қазақстан Республикасындағы жылжымайтын мүлікке

байланысты көрсетілетін қызметтер көлемінің вариация коэффициенті



2020-2024 жылдардағы жылжымайтын мүлікке байланысты қызметтердің көлеміндегі талдау көрсеткендей, деректер біртекті емес еді. Жалпы тенденция Қазақстан Республикасындағы жылжымайтын мүлік нарығының құбылмалылығы жоғары екенін көрсетеді, 2022 және 2024 жылдары нарық ерекше тұрақсыз болды.

Қазақстан Республикасындағы спорт, демалыс және ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы көрсетілетін қызметтер көлемінің вариация коэффициенті



2020-2024 жылдардағы спорт, демалыс және ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызметтер көлемін талдау деректердің де біртекті емес екенін көрсетті. 2021 жылы COVID-19 пандемиясының әсерінен және тұтынушылардың мінез-құлқындағы өзгерістерден туындаған күрт өсім болды.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Қолданылмайды.

S.15.3 Іріктеуге қатысы жоқ қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамтылу қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 А2. Артық қамтылу - үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 А3. Жалпы бірліктер - қатынасы

Қолданылмайды

S.15.3.3 Жауап бермеу қатесі

S.15.3.3.1 А4. Жауап болмау бірлігі – үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 А5. Жауап берілмеген тармақ – үлесі

Қолданылмайды.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Респонденттер мәліметтерді тапсырған күннен бастап «Қазақстан Республикасында көрсетілген қызметтердің көлемі туралы» электрондық кестесінің алғашқы жарияланымына дейінгі алғашқы нәтижелерді өңдеуге кеткен орташа уақыт 88 күнді құрайды. Электрондық кестедегі нәтижелер жыл сайын 28 маусымда Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес жарияланады және түпкілікті болып саналады. Нәтижелер жыл сайын бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес бюллетеньдерде жарияланады.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Дәлдік

S.16.2.1 Дәлдік/TP3

Деректер Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады, олар Бюро Басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Нақты және жоспарланған күндер техникалық ақауларға байланысты сәйкес келмей қалуы мүмкін. Егер жарияланым демалыс немесе мереке күндеріне түссе, ол келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалылық

Қазақстан Республикасы өңірлерінің арасындағы деректер салыстырмалы.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

Қолданылмайды.

S.17.2 Салыстырмалы уақыт қатарларының ұзақтығы/СС2

1998–2024 жылдар аралығындағы уақыт қатарлары бар. Уақыт қатарлары Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында келесі бөлімдерде қолжетімді: «Басты бет» / «Статистика» / «Салалық статистика» / «Қызмет көрсету статистикасы» / «Динамикалық қатарлар».

S.18 Үйлесімділік


S.18.1 Сыртқы, кросс-үйлесімділік

Коммерциялық көрсетілетін қызметтер статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме КАЗСТАТ жобасы шеңберінде (Ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі жоба) алынған халықаралық ұсынымдарға (Германия Федеративті Республикасы) және Еуростат стандарттарына сәйкес әзірленген.

S.18.2 Ішкі үйлесімділік

Қызметтер көлемдерінің келісімділігі төменде көрсетілген.

2020-2024 жылдардағы жылжымайтын мүлікке байланысты қызметтер көлемін, өзге де жеке көрсетілетін қызметтер және спорт, демалыс және ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызметтерін салыстыру



Кесте көрсеткендей, өзге де жеке көрсетілетін қызметтер 2024 жылы ең үлкен құбылмалылықты көрсетеді, бұл тұрақсыздық пен тұтынушылық

қалаулардағы өзгерістерді көрсетуі мүмкін. Соңғы жылдары жылжымайтын мүлік қызметтері көлемінің тұрақты өсуін көрсетті. Спорт, демалыс және ойын-сауық қызметтері, әсіресе, сыртқы факторлардың әсерін ерекше көрсететін пандемиядан кейін өте құбылмалы.

S.19 Жүктеме

Деректер респонденттің қалауы бойынша электрондық түрде де, қағаз тасығышта да жиналады. Онлайн режимде деректер жиналған жағдайда, деректерді енгізу кезінде жиі кездесетін қателіктерді болдырмайтын автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылау жүйелері қарастырылған.

Ақпаратты өңдеу процестері автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпараттарына бақылау жүргізіледі. Есеп беру формасын толтыруға жұмсалатын орташа уақыт – 1–2 сағат. Басқа зерттеулермен 18 деректердің қайталануы жоқ.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.1 Деректерді қайта қарау /А6

Қолданылмайды.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Қызмет көрсету статистикасы бойынша статистикалық ақпарат 2-қызмет көрсету «Көрсетілген қызметтер көлемі туралы есеп» нысаны бойынша респонденттердің алғашқы есептерінің негізінде қалыптасады.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Жылдық

S.21.3 Бастапқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Қызмет көрсету статистикасы бойынша статистикалық нысанды ұсыну электрондық түрде немесе қағаз тасығышта жүзеге асырылады. Электрондық түрде толтыру «Деректерді online режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі, ол Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында «Респонденттер үшін» / «Респонденттің кабинеті» бөлімінде қолжетімді.

S.21.4 Бастапқы статистикалық деректердің шынайылығы

Деректер сапасын жақсарту, статистикалық нысанды дұрыс толтыруды тексеру және кейбір сұрақтар бойынша жауаптардың болмауын азайту мақсатында бастапқы деректерді электрондық форматта енгізу деңгейінде шынайылығына тексеру жүргізіледі, бастапқы

статистикалық ақпаратты өңдеу бағдарламалық қамтамасыз етулеріне түрлі форматты-логикалық бақылаулар енгізілген.

Форматты-логикалық бақылаулар: бөлімдер арасында және бөлімдер ішінде.

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Деректерге түзету статистикалық байқау өткізу барысында тікелей жүргізіледі.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзету

Қолданылмайды.

S.22 Ескертпелер

Алдағы уақытта деректер сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру қажет.